

Қарғалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № 501 "Қарғалы ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 9 ақпандағы № 129 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 13 ақпанда № 8500 болып тіркелді

ШЕШТІ:

1. "Қарғалы ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" Қарғалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № 501 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7487 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарғалы аудандық
мәслихатының төрағасы*

С. Аманжолов

Қарғалы аудандық мәслихаты
2024 жылғы 9 ақпандағы
№ 129 шешіміне қосымша
Қарғалы аудандық
мәслихатының 2020 жылғы
16 қыркүйектегі № 501
шешіміне 2 қосымша

Қарғалы ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары айқындалсын:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда – 800 метр;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда – 800 метр;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда – 800 метр;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда – 800 метр.